

«Гүлдер» балабақшасындағы жалпы ата-аналар жиналысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

09.09.2025ж

Қатысқаны: 70

Күн тәртібі

1. «МДҰ 2024-2025 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделі: отбасымен қарым-қатынастың жаңа тәсілдері.
3. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.
4. Басқалары.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова балабақшаның 2024-2025 оқу жылының қорытындысына тоқталды. Оқу жылының нәтижелері презентация түрінде ұсынылды. Ата-аналар балалардың жетістіктерімен, балабақшада өткен іс-шаралармен танысты.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз сөйледі. Сөз барысында ата-аналарды балабақшадағы күн тәртібімен таныстырды, күн тәртібінің сақталуын талап етті. Отбасы мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталды. Бала тәрбиесіне тек балабақша, мектеп қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым — қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады.

«Қызғалдақ» тобының тәрбиешісі М.А.Асанова ата-аналарға қызықты психологиялық ойын ойнатты.

«Лалагүл» тобының тәрбиешісі А.О.Чалмахсимова сұрақ-жауап ойынын ұйымдастырып, ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасын анықтады

3. Үшінші мәселе бойынша ата-аналар балабақшадағы балалардың тамақтануын ұйымдастыруымен, балабақшада балалардың тамақтану нормаларын ескеретін маусымдық мәзір жасалғандығымен, бала күніне белгілі бір мөлшерде ет, май, айран, жеміс және т.б. алатындығымен танысты. Ата-аналар мәзірге өзгерістер енгізуге өз ұсыныстарын білдірді.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жаңа оқу жылында жаңадан ата-аналар комитетінің құрамын сайлауға шақырды. Ата-аналар ақылдаса келе, Сейтахметов Амангелди «Ақбидай» тобының және Изғалиева Сауле Жузбаевна «Жауқазын» тобының ата-аналары сайланды.

Жиналыс барысында күнделікті сабақтар және қосымша үйірмелер талқыланды. Барлық ата-аналар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе ата-аналар жиналысы
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын
2. Балабақшадағы күн тәртібі сақталсын. Балабақша педагогтері мен ата-аналар бір-бірімен қарым-қатынаста болып, балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасасын.
3. Ата-аналардың ұсынысы бойынша мәзірге өзгерістер енгізілсін.
4. Ата-аналар комитетінің құрамына Сейтахметов Амангелди және Изғалиева Сауле Жузбаевна сайлансын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы : Ә.Чалмахсимова

**«Гүлдер» балабақшасындағы жалпы ата-аналар жиналысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

26.05.2026ж

Қатысқаны: 60

Тақырыбы: «Ақпараттық шолу парағы»

Күн тәртібі

1. 2025-2026 оқу жылындағы жетістіктеріміз бен табыстарымыз (әр жас тобында).
2. Мектеп жасына дейінгі балалармен түзету және дамыту жұмыстарының тиімді тәжірибелері.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова сөз сөйлеп, 2025–2026 оқу жылының қорытындысын таныстырды. Әр жас тобының жетістіктері, тәрбиеленушілердің байқаулар мен түрлі іс-шараларға қатысуы, білім беру мен тәрбиелеу жұмыстарының нәтижелері туралы ақпарат берілді. Оқу жылы барысында қол жеткізілген табыстар мен оң көрсеткіштер атап өтілді.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілген түзету және дамыту жұмыстары туралы баяндады. Балалардың танымдық, сөйлеу, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын жетілдіруге бағытталған жұмыстардың тиімді тәжірибелерімен бөлісті. Ата-аналарға балалардың дамуындағы оң өзгерістер туралы мәлімет ұсынылды.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша директоры жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттарымен таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қимылды ойындарды ұйымдастыру, табиғат аясындағы бақылаулар мен сауықтыру шараларын өткізу жоспарлары туралы ақпарат берілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ата-аналар балабақша ұжымына оқу жылы бойы атқарылған жұмыстары үшін алғыстарын білдірді. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, жазғы кезеңдегі қауіпсіздік шараларын қолдайтындарын жеткізді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе ата-аналар жиналысы
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындылары және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы ақпарат назарға алынсын.
 2. Балалармен жүргізілген түзету және дамыту жұмыстарының тиімді тәжірибелері оң бағалансын.
 3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.
- Ата-аналарға жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілсін.
- Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғастырылсын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы : Ә.Чалмахсимова